# Ақтөбе облысының үздік педагогтері

2012-2021 жж.



Ақтөбе • 2022

УДК 37.0 (574)
ББК 74.00 (5 Қаз)
А 37

**ЖОБА ЖЕТЕКШІСІ:**

**Ж.Н.Батырхан**
*Ақтөбе облыстық білім басқармасының басшысы*

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТОП МҮШЕЛЕРІ:**

**Н.Л.Бертлеуова**
*Ақтөбе облыстық білім басқарма басшысының орынбасары*

**Ж.Б.Скакова**
*Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы директорының м.а.*

**Ж.А.Исатаева**
*Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы директорының орынбасары*

**Б.С.Туржанова**
*Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері*

**А.А.Аскербекова**
*Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері*

**К.И.Куразова**
*Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері, п.ғ.м.*

**ДИЗАЙНЕР:**

**К.В.Зубков**
*ТОО «Хабар-Сервис» типографиясының шығарушы редакторы*

А 37 **Ақтөбе облысының үздік педагогтері. 2012–2021 жж.** — Ақтөбе: Хабар-Сервис. 2022. — 108 бет.

**ISBN 978-601-7061-42-5**

Бұл кітапта Ақтөбе облысы бойынша республикалық, облыстық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары және ерекшелік белгісі иегерлері туралы мәліметтер топтастырылған. QR-код арқылы педагогтердің іс-тәжірибесі енгізілген.

УДК 37.0 (574)
ББК 74.00 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7061-42-5

© Ақтөбе облысының білім басқармасы, 2022
© «Хабар-Сервис» ЖШС, 2022

# Озық тәжірибе – баршаға ортақ

# Алғы сөз



Ақтөбе өңірі — қазақ әліпбиінің атасы, тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсарин атамыздың алғашқы болып мектеп ашқан өлкесі, ілім мен білім, өркениет игіліктеріне ертерек қол жеткізген өңірден алаштың ардақты тұлғалары ағайынды Жұбановтар, ана тілінің абызы Рабиға Сыздықова сынды ғалымдарды дүниеге әкелген киелі жер.

Ақтөбе қаласы еліміздің Батыс өңірінің ірі мәдени білім және ғылым орталығы болып саналады. Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті мен Ақтөбе гуманитарлық колледжі сан жылдардан бері даярлаған бастауыш класс мұғалімдері еліміздің түкпір-түкпірінде оқушыларға білім үйретіп, абыроймен қызмет етуде.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған басты мәселе — оқушылар мен ұстаздарға заманауи білім ордасын жасақтап, жан-жақты білім алуына толыққанды жағдай жасау. Осы тұста Ақтөбе облысы тек соңғы жылдардың өзінде-ақ бірнеше білім беру ошақтары пайдалануға берілуде. Біздің өңіріміздегі мектеп құрылысының көптеп жүргізілуі, білім саласына жылма-жылғы бөлініп отырған қаражат-балаларымыздың сапалы білім алуына бағытталған жұмыс.

## Алғы сөз

Тағы бір мақтаныш — облыс ұстаздарының әлеуетінің жоғарылығы. Бар ғұмырын білім саласына арнаған білікті педагогтеріміз: Нағашыбай Ердаулетұлы, Зоя Бралова, Мақсот Құсайынұлы, Найман Исмурзина, Мария Ғиззатқызы секілді ұстаздардың көшін жалғастырып, республикалық және халықаралық олимпиадаларда, ғылыми жобалар мен конкурстарда жоғары нәтиже көрсеткен, қаншама дарынды таланттарды аша білген ұстаздарымыз біршама. Әлемдік деңгейдегі додаға дейін жетіп, «Әлем ұстазы» номинанты атағын алған Базарғалиева Баян секілді өз кәсібін шын сүйіп атқаратын ұстаздарымыз бар. Бірқатары заманауи талаптарға сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын жаңа оқулықтардың авторлары. Бүгінгі күнде бұл оқулықтарды барлық облыстар пайдалануда.

Мұғалімнің мерейін өсіріп, мәртебесін көтеруге бағытталған «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданғалы жергілікті ерекшелік белгілері де тағайындала бастады. Бүгін біз тамыз кеңесінің алдында облысымыздың ең мықты деген, республикалық көлемде танымал болып, кәсіби мықтылығын мойындата білген педагогтеріміздің үздік іс-тәжірибесін тарату мақсатында энциклопедия шығарып отырмыз.

Бұған 2012 жылдан бастап жыл сайын республикалық «Үздік педагог» конкурсы мен жергілікті «Ақтөбе облысының үздік педагогі» және «Ақтөбе облысының құрметті ұстазы» атағының иегерлері еніп отыр. Энциклопедияға жинақталған материалдарда жеңімпаз педагогтердің еңбек жолы, жетістіктері мен іс-тәжірибелері беріліп отыр.

**Құрметті ұстаздар!**

Сіздерді аталмыш байқаудың 10 жылдығына орай, энциклопедияға арқау болуларыңызбен құттықтаймын және оқушыларыңыздың тәрбиелі һәм бәсекеге қабілетті азаматтар болып өсуіне тілектестігімді білдіремін. Шығармашылық табыс, зор денсаулық, отбастарыңызға бақ-береке тілеймін!

*Құрметпен,*
**Жолдас Батырхан**
*Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысы*

## Республикалық «Үздік педагог – 2012» атағының иегері



# *Устабаев Кажмухан Кадиржанович*

Устабаев Кажмухан Кадиржанович 1971 жылы Ақтөбе облысы Хромтау қаласында дүниеге келген.

1990 жылы «Пайдалы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу» мамандығы бойынша диплом алған.

1990–1992 жылдары аралығында Қарулы күштер қатарына қабылданып, әскери борышын өтеп келген.

1992 жылы Дөң тау-кен байыту комбинатында алғашқы еңбек жолын бастаған.

2002 жылы қызмет жолын ауыстырып, жұмысшы мамандықтар даярлайтын №4 кәсіптік лицейінде жалғастырған.

2004 жылы Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінің «Тау-кен машиналары және құрал-жабдықтары» мамандығын тәмамдаған.









- «Ашық сабақ» педагогикалық жетістіктер фестивалі, Диплом. Мәскеу — 2011 жыл;
- Облыстық марафон «Үздік өндірістік оқыту шебері» номинациясы. «Үздік оқытушы» номинациясы. Ақтөбе — 2011 жыл;
- Облыстық байқау «Үздік өндірістік оқыту шебері» Бас жүлде, 2011 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог» атағының иегері, 2012 жыл;
- Облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы. Ақтөбе қаласы — 2010 жыл;
- Облыстық білім басқармасының Мадақтамасы. Ақтөбе — 2010 жыл;
- Дене шынықтыру және спортының Аймақтық орталығы, Алғыс хат. Ақтөбе — 2009 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог — 2012» төсбелгісі, 2012 жыл;
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің «Құрмет грамотасы, 2016 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2012» атағының иегері



# Пеннер Наталья Александровна

Наталья Александровна Пеннер 1963 жылы 06 наурыз күні Қазақ КСР Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 1980 жылы № 19 орта мектепті пәндерді оқудағы ерекше жетістіктері үшін мақтау қағазымен бітірген. 1985 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының шет тілдер факультетін, «ағылшын тілі» бөлімін «ағылшын тілі мұғалімі» мамандығы бойынша аяқтады.

Наталья Александровна еңбек жолын 1985 жылы Ақтөбе қаласының №24 орталау мектебінде ағылшын тілі пәні мұғалімі болып бастады. 1990 жылдан 1998 жылға дейін №26 орта мектепте ағылшын тілі пәні мұғалімі болып жұмыс жасады. 1998 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін А.Ермеков атындағы «№23 орта мектеп-лицейінде «КММ ағылшын тілі пәні мұғалімі болып жұмыс жасап келеді. Сонымен қатар аталмыш мектепте ағылшын тілі кафедрасының жетекшісі.

2021 жылы «ғылыми-педагогикалық бағыты» бойынша Баишев университетінің магистратурасын үздік дипломмен аяқтады.

Наталья Александровна 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «Үздік педагог 2012» төсбелгісімен, «Ақтөбе облысының жыл адамы — 2015» төсбелгісімен марапатталған.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі







- Қазақстанның үздік мұғалімдерінің республикалық форумының қатысушысы, 2021 жыл;
- «Ақтөбе облысының жыл адамы — 2015» атағының иегері;
- 2015 жылдан бастап пән мұғалімдерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесіне үйрету жобасы аясында Британ Кеңесінің тренері;
- Қазақстан филологтарының 1 съезінің делегаты — Астана, 2013 жыл;
- 2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасы мен Қырғызстанда көптілділікті дамыту бойынша ЕҚЫҰ жобасының тренері және сарапшысы;
- Республикалық «Үздік педагог-2012» атағының иегері;
- 2012 жылғы Қазақстан Республикасының ағылшын тілі мұғалімдерінің I республикалық интернет олимпиадасының қорытындысы бойынша қала және облыс Кубогының иегері «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» ТМД-ға қатысушы елдер мұғалімдерінің, білім беру қызметкерлерінің 1 съезінің делегаты-Астана, 2010 жыл;
- Әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларын ағылшын тіліне оқыту үшін Қазақстандағы АҚШ Елшілігі грантының иегері — 2009–2019 жж.;
- АҚШ Елшілігінің, ҚР-ғы Ұлыбритания Елшілігі жанындағы Британ Кеңесінің, Израиль мемлекетінің Білім Министрлігінің халықаралық жобаларының қатысушысы;
- ҚР-дағы Ұлыбритания Елшілігі жанындағы Британ Кеңесінің тренері.

## Республикалық «Үздік педагог – 2013» атағының иегері



# Конкабаева Гүлсім Қаратайқызы

Конкабаева Гүлсім Қаратайқызы 1967 жылы 8 тамыз күні Ақтөбе қаласы Хромтау ауданы, Қопа совхозында дүниеге келген. Білімі- жоғары, Ақтөбе Қ.Жұбанов атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген.

Республикалық «Үздік педагог-2013» атағының жеңімпазы, «ҚР Білім беру мекемесінің үздік педагогы» төсбелгісінің иегері, педагог-шебер. Жалпы еңбек өтілі — 35 жыл, осы саладағы жұмыс өтілі — 27 жыл.

1987–1995 жылдары Ақтөбе қаласы, Қарабұтақ ауданы,Қарабұтақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 1995–1997 жылдары Ақтөбе қаласы №6 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 1997–2022 жылдар Ақтөбе қаласы І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып жұмыс жасайды.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі







- Республикалық «Қазақ тілі мен әдебиеті: оқыту әдістемелері мен жаңаша көзқарас» тақырыбындағы сьезінің делегаты, 2021 жыл;
- Республикалық деңгейде қашықтан оқыту 6–7-кластарда жаңартылған білім мазмұны бойынша ашық сабақтар өткізгені үшін Алғыс хат;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық ғылыми-практикалық Білім мазмұнын сараптау орталығы» ШЖҚ РМК оқу әдебиеттеріне сараптама жасау үшін сарапшы ретінде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге сараптама тобының мүшесі;
- Республикалық «Атамұра», «Мектеп» баспасының 2020–2021 оқу жылындағы жаңартылған мазмұндағы 11-сынып оқушыларына арналған орта білім оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін басып шығаруға дайындағаны үшін Алғыс хат;
- Халықаралық сарапшылардың қатысуымен өткізілген «Сабақты зерттеу — Қазақстандық мектептер тәжірибесі» аймақтық конференция, Алғыс хат;
- Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығынан II дәрежелі, «Педстарт» олимпиадасынан III дәрежелі диплом;
- Ы.Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері арасында өткізген педагогикалық олимпиада I дәрежелі диплом.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2013» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# Коршикова Елена Николаевна

Коршикова Елена Николаевна 9 желтоқсан 1968 жылы Ақтөбе қаласында туған.

1986 жылы Ақтөбе қаласындағы №8 орта мектепті бітірді.

1986–1990 жылдары Ақтөбе К.Жұбанов атындағы педагогикалық институтында оқыды.

1990–1994 жж. №3 БЖСМ жеңіл атлетикадан жаттықтырушы ретінде педагогикалық қызметін бастады.

1994–1997 жж. №1 ОМ-де дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып істеді.

2010 жылдан бастап Ақтөбе қаласы № 9 орта мектеп-гимназияда дене шынықтыру мұғалімі болып жұмыс істейді.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі









- Республикалық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы, 2013 жыл;
- Ақтөбе қаласынан ҚР әйелдері 1-съезд делегаты;
- «Президенттік көпсайыстан спорт шебері» атағы;
- «Президенттік көпсайыстан сайлау бойынша Ұлттық санаттағы төреші» атағы;
- Полиатлоннан екі дүркін әлем чемпионы;
- 2004 жылдан бастап Президенттік көпсайыстан ҚР бірнеше дүркін чемпионы;
- Білім беру қызметкерлері мен облыстық спорт ардагерлер арасында шаңғы және жүзу жарыстарының бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері;
- Облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі педагогикалық конкурстар мен олимпидалардың жеңімпазы;
- Республикалық оқулықтар мен әдістемелік құралдардың сарапшылар тобының мүшесі;
- Жеңіл атлетикадан облыстық, республикалық деңгейде жеңімпаздардың тренері.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2013» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# Макарова Елена Геннадьевна

1972 жылғы 9 наурызда Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарши ауылында дүниеге келді. 1989 жылы Шұбарши орта мектебін күміс медальмен бітірді. 1994 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтын «Физика» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек қызметін 1994 жылы Темір ауданының Шұбарши ауылында физика және информатика мұғалімі болып бастады. 1999 жылдан бастап Ақтөбе қаласындағы №17 мектеп-гимназияға қабылданып, осы уақытқа дейін жұмыс жасайды. 2000 жылдан бастап директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Жалпы педагогикалық қызмет өтілі -28 жыл.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі









- «Үздік педагог-2013» республикалық байқауының жеңімпазы;
- 2009 жылдан бастап Ұлттық тестілеу Орталығының физикадан тұрақты сарапшысы және әзірлеушісі;
- 2019-2021 жж. «Современные подходы в организации и управлении методической работы в учреждениях образования» атты директорлардың орынбасарларына арналған облыстық шығармашылық шеберхана жетекшісі;
- «Методы решения физических задач», «Physics in Eglish», «Practical Physics» авторлық оқу бағдарламаларының авторы;
- «Стратегии внедрения методики CLIL в процессе предметно-языкового интегрированного обучения», «Развитие критического мышления школьников в процессе обучения физике» оқу-әдістемелік құралдарының авторы;
- «Разработка тестовых заданий по профильному предмету» халықаралық білім марафоны, I дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- «Ең үздік сабақ жоспары» халықаралық байқауы, I дәрежелі диплом, 2021 жыл;
- «Гранит науки» жаратылыстану-математикалық бағыттағы мұғалімдер үшін республикалық online-олимпиада, I дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- «Шығармашыл педагог» республикалық олимпиада, I дәрежелі диплом, 2021 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2013» атағының иегері



# Нурбаева Мирамгуль Кыдырбаевна

Нурбаева Мирамгуль Кыдырбаевна 1978 жылы 1 қаңтарда Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Родники поселкесінде дүниеге келген. 1994 жылы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатын үздік аттестатпен бітірді. Білімі-жоғары. 1994–1998 жылдары биология және география пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетін үздік дипломмен аяқтады.

Еңбек жолын 1998 жылы Ақтөбе қаласындағы №32 мектеп-гимназиясында биология және география пәндерінің мұғалімі болып бастады. 2002 жылдан М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының география пәнінің мұғалімі, директордың бейіндік пәндер жөніндегі және оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарып келеді. 2020 жылы «педагог –шебер», 2021 жылы «бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары» біліктілік санаттарын алды. 2005 жылы облыстық «Жыл мұғалімі» сайысының Бас жүлдесін иеленіп, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қабылдауында болды.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі







- Республикалық «Үздік педагог-2013» атағының иегері, 2013 жыл;
- «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісі, 2016 жыл;
- ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы, 2019 жыл;
- Облыс әкімінің Алғыс Хаты, 2016, 2019 жылдар;
- Ақтөбе облыстық кәсіподағының Құрмет грамотасы, 2016 жыл;
- Ақтөбе облыстық білім басқармасының Алғыс хаты, 2021 жыл;
- Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Алғыс хаты, 2021 жыл;
- Республикалық ұлттық тестілеу орталығының тұрақты әзірлемешісі және сарапшысы;
- География пәні бойынша ұйымдастырылған облыстық «ШЫҢ» шығармашылық шеберханасының жетекшісі;
- Педагогикалық шеберлік орталығында жаңартылған білім беру мазмұны бойынша кадрлардың география пәнінен біліктілікті арттыру курсының тренері, 2016 жыл;
- ЖШС «U-FUTURE» орталығында тест әзірлемшісі және сарапшысы;
- «Өлкетану. Ақтөбе облысы» Жалпы білім беретін мектептің 5–7-сынып оқушыларына арналған оқулықтың «География» бөлімінің авторы, «Алматыкітап» баспасы, 2018 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2013»
## атағының иегері



# Салиш Салтанат Салишевна

Салиш Салтанат Салишевна Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы В.И. Пацаев атындағы совхозда дүниеге келген.

1991 жылы Ақтөбе педагогикалық училищесінің мектеп бөліміне оқуға түсті. 1995 жылы педучилищеде «Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында оқыту» мамандығы бойынша білім алды.

1995 -1999 жж.Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша бітірді.2005–2009 жж. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің аспирантурасы,2009–2014 жж. Тверь мемлекеттік университетінің кафедрасына «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы» мамандығы бойынша оқыды. Педагогика ғылымдарының кандидаты.2014 жылы п.ғ.к. Караванованың жетекшілігімен «Бастауыш сынып оқушысы тұлғасының сыныптан тыс іс-әрекетте рухани-адамгершілік қалыптасуына педагогикалық жәрдемдесу» тақырыбында диссертация қорғады.Еңбек жолын 1995 жылы Қарғалы орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып бастады.

2015 жылы Ақтөбе қаласындағы № 29 орта мектебінің директоры, 2019 жылдан бері Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы білім беретін IT мектеп-лицейінің директоры болып қызмет етіп келеді.








- Облыстық «Үздік сабақ жоспары» байқауының жеңімпазы, 2021 жыл;
- Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған «Дүниетану» пәні бойынша ОӘК бірлескен авторы («Атамұра» баспасы), 2019 жыл;
- Республикалық ПШО-ның Алғыс хат, 2019 жыл;
- Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған «Дүниетану» пәні бойынша ОӘК бірлескен авторы («Атамұра» баспасы), 2018 жыл;
- Ақтөбе облысы білім басқармасы басшысының Алғыс хаты, 2018 жыл;
- Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған «Дүниетану» пәні бойынша ОӘК бірлескен авторы («Атамұра» баспасы), 2017 жыл;
- Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған «Дүниетану» пәні бойынша ОӘК бірлескен авторы («Атамұра»баспасы), 2016 жыл;
- Облыстық «Ең үздік сайт» байқауының жеңімпазы, 2016 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог - 2013» байқауының жеңімпазы.

## Республикалық «Үздік педагог – 2013» атағының иегері



# Ходжаниязова Жанат Тогабайқызы

Ходжаниязова Жанат Тогабайқызы 1965 жылы 10 шілдеде дүниеге келген.

1989 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауылшаруашылық институтын ауыл — шаруашылық пәндерінің инженері — мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

2006 жылы Алматы экономика және статистика академиясынан «Есеп және аудит бакалавры» мамандығын алған.

2012 жылы Халықаралық Бизнес Университеті, Экономика ғылымдарының магистрі (6М050600 Экономика ғылыми және пед. бағыты) атағына ие болған.








- Республикалық «Астананың болашағы — менің бақытымның кепілі» атты студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы, Алғыс хат;
- «Арнайы пән және өндірістік оқыту шеберлерінің портфолиосы» облыстық байқауында жоғары деңгейде белсенділік танытқаны үшін І дәрежелі диплом;
- «Жас маман» жобасы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың тақырыбындағы өңірлік, облыстық деңгейдегі семинарларда өз іс-тәжірибесімен бөлісіп, кәсіби шеберлігін танытқаны үшін Алғыс хат;
- Республикалық «Үздік оқытушы-2013» байқаудың жеңімпазы;
- «Білім берудегі инновациялар мен тәжірибе: уақыт талабы» ІІ Республикалық педагогикалық оқуларының «Экономиканың индустириялық-инновациялық дамуы жағдайында техникалық және кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру» бағыты бойынша ІІІ дәрежелі Диплом;
- «Еңбек нарығын қалыптастыру және еңбек ресурстарын басқару» атты (LAP баспа үйі — Германия) халықаралық әдістемелік жобаның авторы;
- ҚР техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушыларға арналған: «Нарықтық экономика негіздері», «Экономика негіздері» атты оқулықтар басып шығаруға және қайта басып шығаруға авторлық мемлекеттік куәліктің иегері.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2013» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# Тюлемисова Гайни Сайнгалиқызы

1968 жылы 24 шілдеде Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданында дүниеге келді.1985 жылы Қаратөбе ауданындағы М.Мерғалиев атындағы орта мектепті бітірді.1985-1986жж. Қаратөбе ауданындағы орта мектепте мұғалім, аға тәлімгер болып жұмыс атқарды.

1986-1991жж. «Құрмет Белгісі» орденді А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының филология факультетін тәмамдап, сол жылы Орал қаласындағы №24 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қабылданды. 1993-1996жж.Орал педагогика институтын «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша бітіреді. А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиет кафедрасында оқытушы болып жұмыс атқарды.

1995–2014 жылдары Ақтөбе облысы Хромтау қаласындағы №4 орта мектепте жұмыс жасады. 2010 жылы облыстық конкурс-марафонында «Үздік мұғалім» деп танылып, облыс әкімінің грантына иеленді.

2015 -2016 жылдары Хромтау ауданы білім бөлімінің әдіскері болып жұмыс атқарды. 2016 жылдан бастап №2 Хромтау гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарып келеді.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі









- II Халықаралық педагогикалық байқау «Прогресс педагога» «Үздік ашық сабақ» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- Қазақстандық-Ресейлік «Филолог» қауымдастығы және Жалпыресейлік ОҒҚ оқушылардың ғылыми қоғамы I Халықаралық мұғалімдерге арналған онлайн олимпиадасы I дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- Ресейлік «Филолог» қауымдастығы және «Алые Паруса» Халықаралық балалар орталығы бірлескен жобасы I дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- «Әбу Насыр Әл-Фараби 1150 жылдығы» Халықаралық олимпиадасы, II дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- I Халықаралық педагогикалық олимпиада ХҒПБДА I дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- V Халықаралық портфолио байқауы «Лидер-педагог — 2020» 1 дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғасы — Абай!» атты республикалық олимпиадасы I дәрежелі диплом,
- Қазақстан педагогтар қауымдастығының ұйымдастыруымен өткізілген республикалық «Педагогика — 2020. Цифрландыру. Қашықтықтан оқыту — педагогтар алдындағы жаңа міндеттер мен талаптар» атты I республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына ұсынған жұмыстары III дәрежелі диплом, 2020 жыл.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2014» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# Сүйіншалиева Гүлсім Қойшығұлқызы

Сүйіншалиева Гүлсім Қойшығұлқызы 1958 жылы 3 маусымда Ақтөбе облысы Ойыл ауданында дүниеге келген. 1975 жылы Ойыл ауданы Н.К.Крупская атындағы қазақ орта мектебін бітірген.

1976 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жаратылыстану-география факультетінің химия-биология бөліміне түсіп, оны 1981 жылы бітіріп шыққан.

Ұстаздық қызметі осы түлеп ұшқан Ойыл ауданы Н.К.Крупская атындағы қазақ орта мектебінде 1981–1994 жылдары арасында химия пәнінің мұғалімі болып басталды.

1994–2021 жылдары арасында Ақтөбе қаласы №32 мектеп-гимназиясында химия пәні мұғалімі, 1996–2006 жылдары осы мектеп-гимназия директорының орынбасары болып қызмет атқарды.

Оқушылары химия пәні бойынша облыстық, республикалық, Президенттік пәндік олимпиадалардың және «Дарын» орталығының ғылыми-жоба конкурстарының жеңімпаздары.

«Химия пәнін тереңдетіп оқыту» бағдарламаларының авторы, қалалық, облыстық деңгейде өз іс-тәжірибесін таратқан.











- «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төс белгісі, 1999 жыл;
- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасы. 2012, 2013 жыл;
- «Аға мұғалім» атағы, 1990 жыл;
- Республикалық ғылыми конференция «Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру» Мақтау қағазы, Сертификат. Алматы-2011, 2012 жыл;
- Республикалық химия және биология пәні мұғалімдерінің I съезд делегаты. Өскемен — 2012 жыл;
- «Отбасы, мектеп, қоғам-игілікті болашақ үшін бірге!» Республикалық педагогикалық форум делегаты Астана-2011 жыл;
- Ақтөбе облысы Әкімінің «Үздік мұғалім» марафонының грант иегері: 2009, 2011, 2012, 2013 жылдары;
- Ақтөбе облыстық білім басқармасы, облыстық КБА және ҚДИ, ҚББ-нің құрмет грамоталары мен мақтау қағаздары, алғыс хаттары;
- Ақтөбе қаласы Әкімі сыйлығының лауреаты 2005, 2007 жыл;
- Ақтөбе облыстық «Ұстаз тағылымы» энциклопедиясына іс-тәжірибесі енгізілді.

## Республикалық «Үздік педагог – 2014» атағының иегері



# Бисембаева Тоты Тәжібайқызы

Бисембаева Тоты Тәжібайқызы 1957 жылы 25 қаңтарда Ойыл ауданы Саралжын совхозында дүниеге келген.

1963 жылы Тайсойған бастауыш мектебіне 1-класқа барып, 1973 жылы Саралжын орта мектебінен 10-класты аяқтаған.

1975 жылы Гурьев педагогикалық институтының биология факультетіне оқуға түсіп, 1980 жылы бітіріп шыққан.

Жамбыл орта мектебінде 1977 жылдан бастап биология пәнінен сабақ берген.

1997 жылдан бастап Ақтөбе қаласындағы Әл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназияда биология пәнінің мұғалімі қызметін атқарды.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі







- «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» 1985 жыл;
- «Аға мұғалім» атағының иегері, 1986 жыл;
- «За вклад в развитие образования» медалінің иегері, 2011 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог — 2014» конкурсының жеңімпазы.
- ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,Алғыс хат,2013 жыл;
- «Облыстың ең үздік мұғалімі» екі мәрте облыс әкімі грантының иегері;
- Облыстық «Ұстаз тағылымы» атты энциклопедиясына енді;
- Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауының жеңімпазы;
- Ақтөбе облыстық білім басқармасының Алғыс хаты;
- «Ойыл туралы не білуге болады?» атты аудандық жинақ кітапшаға енді;
- Облыс биологтарының «Шығармашылық шеберхана» жетекшісі;
- Қалалық білім бөлімінің «микротоп» жетекшісі;
- ОКБА және КДИ жанындағы биология кабинетінің кеңес мүшесі, шығармашылық топ жетекшісі;
- ҰБТ өткізу барысында апелляциялық комиссия мүшесі;
- ҰБТ тестілеу орталығының тест тапсырмаларын сараптау комиссиясының тұрақты мүшесі.

## Республикалық «Үздік педагог – 2014» атағының иегері



# Жақыбаев Нұрлан Сәулебайұлы

1963 жылы 30 қараша күні Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық кентінде дүниеге келді. 1978 жылы № 554 қазақ орта мектебінің негізгі 8-сыныбын бітіріп, 1978 жылы Ақтөбе индустриалды педагогикалық техникумына түсіп, 1982 жылы техник-механик, өндіріс шебері мамандығы бойынша аяқтады. 1982–1984 жж. Кеңес өкіметінің Қарулы күштері қатарында әскери борышын өтеді.

1984–1989 жж. аралығында Кеңқияқ мұнай-газ кен орындарында еңбек етті. 1989 жылы Темір аудандық білім бөліміне қарасты № 4 орта мектебінде еңбек пәні бойынша педагогикалық қызметін бастады.

1993–1997 жж. Қ.Жұбанов атындағы АМУ «Бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша аяқтады. 2000–2005 жж.Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының аспирантура бөлімінде «Қазақ қолөнерін орта білім беретін мектептерде оқыту мәселелері» бойынша диссертация жазды. 2008 жылдан бастап №1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясында көркем еңбек пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады.









- Ақтөбе облыстық «Өнер көкке жеткізер» атты көрме, Диплом, 2022 жыл;
- Ақтөбе облыстық «Қазақстанның үздік тауары» көрме байқауы, Алғыс хат, 2022 жыл;
- Ақтөбе облыстық «Мектептегі технологияның теориялық негіздері» атты ғылыми әдебиетінің авторы (1,2-том), 2022 жыл;
- Нұр-Сұлтан қаласы «Ұлттық өнім» көрме, Алғыс хат, 2022 жыл;
- Нұр-Сұлтан қаласы ЮНЕСКО халықаралық ұйымының «Қазақ халқының қолөнер мәдениетін ғылыми -педагогикалық және тәжірибелік құндылықтарын танымал еткені үшін» Сертификат, 2022 жыл;
- Үндістан, Нью-Дели қаласы, Халықаралық фестиваль, Алғыс хат, 2020 жыл;
- Өзбекстан, Қоқан қаласы, Халықаралық фестиваль, Алғыс хат, 2019 жыл;
- Бельгия, Брюссель қаласы, Халықаралық фестиваль, Алғыс хат,2019 жыл;
- Люксембург, Халықаралық фестиваль, Алғыс хат, 2019 жыл;
- ҚР Президент Жарлығы бойынша «Ерен еңбегі үшін» медалімен,ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгі иегері, Қазақстан қолөнершілер Одағының мүшесі, 2019 жыл;
- Астана қаласы, «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрме, Алғыс хат;
- Ресей, Саратов қаласы, Халықаралық фестиваль, Алғыс хат, 2016 жыл;
- Ресей, Астрахань қаласы, Халықаралық фестиваль, Алғыс хат, 2015 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2015» атағының иегері



# Искарина Ағила Сұрағанқызы

1960 жылы 23 маусымда Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Жаңажол елдімекенінде дүниеге келген.1981 жылы «Жас талант-81» ән байқауының жүлдегері атанып, жолдама арқылы Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына түсіп, 1985 жылы Алматы қаласындағы ЖенПи музыка пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. Алғашқы педагогикалық еңбек жолын музыка мамандығы бойынша Ақтөбе қаласы педагогикалық училищесіне музыка бөлімінің қобыз кластарынан және вокал сабақтарынан дәріс беруден бастаған.1989 жылдары Атырау облысы Құлсары қаласындағы мектепте музыка пәні бойынша,хор,оркестр үйірмелерімен мамандығы бойынша қызмет еткен.1996 жылдан Ғ.Ақтаев атындағы №6 қазақ орта мектебінде музыка пәні бойынша сабақ беріп, вокал үйірмесінен дәріс берді. Халықаралық республикалық, облыстық, қалалық байқауларға үздіксіз қатысып келеді.

1999 жылы Хор ұйымдастырып, Облыс көлемінде музыка мектептерімен жарыса отырып, жүлделі орынды иеленді.









- «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісі, 2007 жыл;
- Ақтөбе облысы бойынша «Облыстың ең үздік мұғалімі атағын екі дүркін жеңімпазы, 2009, 2011 жылдары;
- Білім саласына қосқан Елеулі еңбектері үшін «А.Байтұрсынов» төсбелгісі,2015 жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен «Ы.Алтынсарин» төс белгісі, 2017 жыл;
- Республикалық «Дәстүрлі ән» байқауы бойынша халықаралық көлемде өтетін Түркияға жолдама, 2017 жыл;
- Республика көлемінде өткен «Менің Қазақстаным» атты Шәмші Қалдаяқовтың әндер байқауынан Алғыс хат, 2018 жыл;
- Республикалық «Дәстүрлі ән» байқауынан шәкірті С.Жанқожа бас жүлде, 2016 жыл;
- Алматы қаласында өткен «Ғұмырдария» жасөспірімдер мен балалар арасындағы «Әнім — сен едің» Т.Молдағалиевтың Республикалық байқауынан шәкірттері бас жүлде, 2017 жыл;
- Алматы қаласында өткен «Менің Отаным-Қазақстан» атты ән байқауынан шәкірттері бас жүлде иегері Ақмұрат Аяжан, Хамзина Мадина вокал үйірмесінің қатысушылары «Көрермен көзайымы» номинацисы, 2018 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2015» атағының иегері



# Аймұқатов Асқар Тоқпанұлы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттандыру Академиясының академигі.

1961 жылы 20 шілдеде Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында туған. 1979–1984 жылдары Свердловск инженер-педагогикалық институтын «Машина жасау» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1984–1986 жылдары кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеді. 2007 жылы Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің физика-математика факультетінің диссертациялық кеңесінде, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Ұстаздық еңбек жолын 1984 жылы Ақтөбе индустриалды-педагогикалық техникумде өндірістік оқыту шебері болып бастады. 1984–2019 жылдары Ақтөбе индустриалды-педагогикалық техникумде, соңынан Ақтөбе политехникалық колледжінде оқытушы, әдіскер, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары болып қызмет атқарды. 2019–2020 жылдары «Өрлеу» БАҰО АҚ директордың орынбасары, 2020 жылдан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің физика-математика факультетінің деканы болып еңбек етіп келеді.







- ҚР БжҒ министрлігі«Ы. Алтынсарин» төсбелгісі, 2018 жыл;
- Тель-Авив университеттері қауымдастығы ұйымдастырған «Педагог-инноватор» байқауының жеңімпазы, Диплом, 2018 жыл;
- «Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ерекше жетістіктері үшін» медалі, 2016 жыл;
- «Өрлеу» БАҰО АҚ ұйымдастырған екінші Республикалық білім беру қызметкерлерінің педагогикалық оқуларының жүлдегері, Диплом, 2016 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог-2015» байқауының жеңімпазы, 2015 жыл;
- ҚР ТжКБ оқу орындарының арнайы пән оқытушылары арасында IT-технология бағыты бойынша «КазмунайГаз/ KAZENERGY» ұйымдастырған Сафи Утебаев атындағы грант иегері, Сертификат, 2015 жыл;
- Қазақстан Республикасында ТжКБ беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асырудағы белсенділігі үшін диплом, 2015 жыл;
- ҚР ТжКБ беруді дамытудағы үлесі мен білікті мамандарды даярлаудағы жетістіктері үшін «Холдинг «Кәсіпқор» АҚ марапаты. Құрмет грамотасы 2015 жыл;
- «ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі, 2014 жыл;
- ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, 2009 жыл;
- ҚР білім беру ісінің үздігі, 1995 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2015» атағының иегері



# Жанжигитова Гульмира Молдагереевна

1969 жылдың 15 қаңтарда Ақтөбе қаласында дүниеге келді. Ақтөбе қаласы №17 орта мектепте оқыған. Ақтөбе педагогикалық институтын бастауыш класс мұғалімі мамандығы бойынша, кейін Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті сурдопедагог (Дефектология) мамандығы бойынша бітіреді. Көп жылдан бері Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған «мектеп--интернат-колледж» кешеннің есту қабілетін дамыту кабинетінің нұсқаушысы, мұғалім-дефектолог қызметін атқарады. Жалпы еңбек өтілі — 32 жыл. Сурдопедагог лауазымы бойынша «Педагог-зерттеуші» біліктік санаты бар. Ерекше білім алу қажеттілігі бар оқушыларды оқытып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, бойларындағы ерекше қабілеттерін ашады, жұмыс барысында инновациялық технологияларды кеңінен қолданып, естімейтін оқушылардың әлеуметтік өмірге толыққанды азамат ретінде қалыптасу жолында еңбек етіп келеді. Тиімді жұмыс нәтижесінің барысында педагог облыстық, республикалық деңгейде марапатталған.

# ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ









- «Коррекциялық мекеменің үздік педагогі» облыстық сайыс-марафонының жеңімпазы, 2010 жыл;
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік дефектолог» сайысының I орын иегері, 2012 жыл;
- Халықаралық байқау «Созвездие мастеров педагогического таланта» II дәрежелі диплом, 2014 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпазы, 2015 жыл;
- Облыстық деңгейдегі «Перфоманс как инструмент формирования и развития социальных коммуникаций неслышащих учащихся», «Методические рекомендации к программе по музыкально-ритмическим занятиям в школе для детей с нарушением слуха», «Инновационные подходы в социализации неслышащих школьников: проблемы, поиски, находки», «Точечная инклюзия как инструмент формирования социальных коммуникаций среди неслышащих школьников» тақырыбындағы әдістемелік нұсқаулықтарының авторы;
- Республикалық онлайн-байқауы «Лучший по профессии», 2021 ж, номинация «Лучший сурдопедагог РК» — Гран-при;
- «Педагогикалық жетістік» атты I Халықаралық педагогикалық байқауының «Үздік педагог -2021» номинациясының I орын иегері;
- «XXI ғасырдың педагогтары» атты Республикалық педагогикалық-шағармашылық байқауының «Үздік педагог портфолиосы» номинациясының 1-орын иегері, 2022 ж.

## Республикалық «Үздік педагог – 2016» атағының иегері



# Тынышбаева Лиза Жақыпқызы

1968 жылы 15 сәуірде Байғанин ауданында дүниеге келді. №61 теміржол орталау мектебін 1983 жылы бітіріп, Ақтөбе педагогикалық училищесінің түлегі атанады. Аталған оқу орнын 1987 жылы үздік дипломмен бітіріп, өзіне білім берген мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасады.

1984 жылғы 6 жастан бастап оқыту реформасын іске асыруға белсене кіріскен жас маман көп ұзамай өз іскерлігімен көзге түседі. Еңбектен қол үзбей жүріп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетінде 1989–1994 жылдары білім алады.

1997 жылы №61 теміржол орталау мектебі №3 орта мектеп статусын иеленеді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлық қызмет іскер маманға сеніп тапсырылады. 35 жыл педагогикалық қызметінің 25 жылын тәрбие жұмысына басшылық жасауға арнады. Педагог-шебер.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі







- Облыстық «Жыл мұғалімі-99» байқауы Гран-При, 1999 жыл;
- Республикалық «Жыл мұғалімі - 1999» байқауында «Оптимист-мұғалім» номинациясы;
- Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің Үздігі, 1999 жыл;
- «Білім берудегі инновация: ізденіс және шешім» халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына елеулі үлес қосқаны үшін Сертификат, 2015 жыл;
- «Педагогикалық идеялар» Республикалық фестивалі «Білім берудегі жаңа амалдар номинациясы» Диплом, 2015 жыл;
- «Үздік коучинг» облыстық байқауы «Көрермендер көзайымы» номинациясы, 2016 жыл;
- Республикалық «Үздік педагогі - 2016» байқауының жеңімпазы;
- Халықаралық «Яссауитану» байқауына шәкірт әзірлеп, Қожа Ахмет Яссауи мұрасын насихаттау ісіне атсалысқаны үшін ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Алғыс хат, 2017 жыл;
- «Үздік кәсіби қоғамдастық» облыстық байқауы, І орын, 2019 жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрлігі «Тарих пәні мұғалімдерінің съезі» делегаты, 2022 жыл;
- Шәкірті Тобыш Ж. «Яссауитану» халықаралық байқауының облыстық кезеңінде І орын, Түркістан қаласында ынталандыру сыйлығы, 2015 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2016» атағының иегері



# Ербалюкова Бибигуль Казиевна

Ақтөбе қаласындағы №30 орта мектебінің жоғары санатты химия және биология пәнінің мұғалімі, «ЖАС ДАРЫН» орталығының жетекшісі, бірінші (ілгері) деңгей бағдарламасы бойынша сертификатталған ұстаз, педагог-зерттеуші, ЦПМ дәріс беруші, Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББО ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі.

1989 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының жаратылыстану-география факультетінің химия-биология бөлімін бітірді.

1989 ж. Ақырап орта мектебінде Исатай (Қобда) ауданында ұстаздық жолын бастады.1995 жылдан Ақтөбе қаласындағы №30 қазақ орта мектебінде еңбек етеді.

2000 жылы №30 орта мектеп жанынан құрылған облыстық «Жас Дарын» орталығының жетекшісі болып келеді.

Республика, облыс және қала мектептері мұғалімдеріне инновация және халықаралық бағдарламалары бойынша қайта даярлау курстарында тәжірибе тарату ретінде дәріс береді.







- Польшаның Варшава қаласында өткен ғылыми — практикалық конференциясының I дәрежелі дипломы мен кубогінің иегері, 2016 жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, 2019 жыл;
- Ақтөбе облыс әкімінің Алғыс хаты, 2019 жыл;
- Нұр-Сұлтан қаласында NIS Алғыс хаты, 2020 жыл;
- «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББО Алғыс хаты, 2021 жыл;
- Облыстық әдістемелік көпір «Білім беру жаңа философия контекстінде химия және биология білім беру үрдісіндегі құзыреттілік тәсілі: проблемалар мен оларды шешу жолдары» Алғыс хат, «Өрлеу» БАҰО АҚФ», 2020 жыл;
- Жаңа МЖБС талаптарына сәйкес химиялық және биологиялық білім беруді модернизациялау» облыстық вебинарында Алғыс хат, «Өрлеу» БАҰО АҚФ», 2020 жыл;
- Облыстық «Ізденіс жолы» үздік сабақ байқауы 2-орын. 2021 жыл;
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан Алғыс хат, 2021 жыл;
- Республикалық Блиц-турнир «Педагогика» 1-орын, 2022 жыл;
- Шәкірті «Жас дарын» орталығының мүшесі Қонисбаева Айгерім «Елбасы медалі» иегері, 2022 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2016» атағының иегері



# Есенғалиева Гулден Утежановна

Есенғалиева Гулден Утежановна 1983 жылы 31 қаңтарда Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Ақсай селосында дүниеге келген. 2000 жылы Н.Байғанин атындағы орта мектебін бітірген.

2000 -2005 жж.Қ.Жұбанов атындағы мемлекттік университетін «Физика және информатика» мамандығы бойынша тамамдаған.

2009 жылы Ақтөбе педагогика институтының Физика магистрі дәрежесін (үздік) иеленіп, 2014 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Автоматтандыру және басқару» мамандығын бітірген.

Еңбек жолын Темір ауданының Жамбыл орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі қызметінен бастап, 2005 жылдан бері Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжінде «Физика және астрономия», «Электротехниканың теориялық негіздері» пәндерінің оқытушысы, әдістемелік бірлестік жетекшісі, оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері, «Автоматтандыру және басқару» бөлімінің меңгерушісі, директордың тәрбие жұмысы жөнінде орынбасары қызметін атқарып келеді.

2016 жылдан бастап «Talap» КЕАҚ-ның штаттан тыс тренері ретінде Республикамыздың, облысымыздың Кәсіптік және ТББ саласындағы оқытушылардың біліктілігін арттырып өз тәжірибесімен бөлісуде.









- Республикалық «Үздік педагог - 2016» байқауының жеңімпазы;
- ҚР білім беру саласының «Шығармашыл тәжирибелі ұстаз» төсбелгі иегері, 2016 жыл;
- Облыс әкімінің Алғыс хаты, 2016 жыл;
- Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Мемлекеттік тіл дәрежесін арттырғаны үшін Алғыс хат, 2017 жыл;
- Республикалық ғылыми— әдістемелік «Тағлым» журналының ұйымдастырған « Үздік педагогикалық мақала» конкурысының I дәрежелі жеңімпазы. 2018 жыл;
- «Алтын кітап» ҚР білім, мәдениет, өнер қызмет көрсету саласының үздік қызметкерлерін III Республикалық энциклопедиясына еніп, білім саласына қосқан үлесі үшін марапат. 2019 жыл;
- «ҚР Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ерен еңбегі үшін» медалі, 2016 жыл;
- «Электротехника и электрооборудование зданий», «өндірістік кәсіпорындарды электормен қамту», «Жалпы электротехника және электроника негіздері», «Жалпы өнеркәсіптік тыңдаушылар және оларды электрмен қамту» электрондық кітаптарының авторы;
- Ақтөбе облысы білім басқармасының басшысының Құрмет грамотасы, 2021 жыл;
- Ақтөбе қаласының әкімі А.Шахаровтың облысымыздағы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хат, 2021 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2017» атағының иегері



# *Прохорова Наталья Викторовна*

1960 жылы 10 желтоқсанда дүниеге келді. 1983 жылы Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінің филология фаультетін «Филолог орыс тілі мен әдебиетінің оқытушысы» мамандығымен бітірді. 1986 жылдан 1989 жылға дейін Ақтөбе облысы Қарғалы ауылының № 4 балабақшасының меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1989 жылдан 1993 жылға дейін Ақтөбе қаласының № 5 орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және директордың сыныптан тыс жұмыстар жөніндегі орынбасары болып жұмыс жасады. 1993 жылдан бастап 2018 жылға дейін №29 орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 2018 жылдың қаңтар айынан бастап Әбіш Кекілбайұлы атындағы №72 жалпы орта білім беретін IT мектеп-лицейінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді.

2004 жылдан бастап Ақтөбе қаласының орыс тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, 2015 жылдан бастап дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру және Экономика жоғары мектебі оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру бойынша халықаралық сарапшы (Мәскеу қ.).

2012–2016 жж. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша республикалық экспериментке қатысты («Өрлеу» БАҰО АҚ).







- «Қазақстандағы Орыс тілі — жаңа көкжиектер» халықаралық байқауының 1-турының жеңімпазы (орыс гуманитарлық миссиясы) 2022 жыл;
- XXI Пушкин байқауының лауреаты (Ресей, Мәскеу) 2021 жыл;
- «Орыс тілі кәсіби мобильділік құралы ретінде: дәстүрлер мен инновациялар» халықаралық форумы аясындағы «Тәжірибе алмасамыз, ағартамыз, шабыттандырамыз» халықаралық байқауы, 2-орын, 2021 жыл;
- «Орыс тілі жаһандық контекстте» халықаралық ағартушылық форумы аясындағы педагогикалық шеберлік байқауы, 1-орын, 2021 жыл;
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған республикалық эссе байқауы, 1-орын, 2021 жыл;
- Республикалық жаңа буын оқулықтарын сараптау тобының мүшесі, 2017-2020жж.
- Ақтөбе облыстық орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қауымдастығының төрағасы, 2020 жыл;
- Республикалық «Педагог академиясы» ҚБ «Шекарасыз мектеп 1+1»әлеуметтік жобасының қатысушысы, 2020 жыл;
- ҚР БҒМ Құрмет грамотасы, 2019 жыл;
- «Ұлы Жібек жолындағы орыс тілінің алауы» пилоттық жобасы аясында «Менің педагогикалық тәжірибемдегі ойын сәттері» халықаралық педагогикалық шеберлік байқауы (Ресей, Ресей Халықтар Достығы университеті), Жеңімпаз дипломы, 2017 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2017» атағының иегері



# Аяуова Райса Косжановна

Аяуова Райса Косжановна Ақтөбе облысы, Хромтау қаласында 1958 жылы 25 маусымда дүниеге келді. 1965 — 1975 жылдары Қарабұтақ қазақ орта мектебінде білім алды. 1980 жылы Атырау педагогикалық институтының химия-биология мамандығын бойынша бітіріп шықты. Шалқар ауданы, Біршоғыр, Тоғыз орта мектебінде еңбек жолын бастап, Шалқар қаласындағы №40 орта мектебінде еңбек етті.

1997 жылдан бастап Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатында химия-биология пәндерінің мұғалімі болып қызмет атқарады.

Ұстаз оқушылардың химия пәніне деген білімдерін терең меңгертумен бірге, олардың шығармашылық жұмыстармен айналысуына, өз бетінше ізденулеріне, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал етіп келеді. Әркезде де өз сабақтарында жаңа технологияларды пайдаланып, жаңашылдықпен жұмыс жасап келеді. Еңбек еткен жылдардан бастап, шәкірттері облыстық, республикалық, халықаралық ғылыми жоба жарыстарының жүлдегерлері ретінде үлкен биіктерден көрініп келеді.

# ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ







- «Облыстың ең үздік мұғалімі» конкурс гранттарының иегері;
- ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасы иегері;
- «Білімді дамытудағы еңбегі үшін» медаль иегері;
- Республикалық «Дарынды балалар— Қазақстанның болашағы» атты энциклопедиясына енген.
- «Үздік авторлық бағдарлама» Республикалық конкурсының жүлдегері;
- «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгі иегері;
- Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының «Мәртебелі маман» медаль иегері;
- «Үздік педагог — 2016» республикалық байқауының облыстық кезеңі жеңімпазы, облыс әкімінің гранты иегері;
- Химия пәні бойынша педагогикалық пәндік олимпиадасының жеңімпазы;
- Республикалық «Үздік педагог -2017» байқауының жеңімпазы;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы;
- ІІ Халықаралық «Химик зерттеуші» ғылыми жобаға шәкірт дайындағаны үшін Диплом;
- «Ғылым мен білім саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін «Мәртебелі маман» төсбелгі иегері.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2017» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# Утеулиев Ержан Бактыбаевич

Утеулиев Ержан Бактыбаевич 1987 жылы 22 шілдеде Қызылорда облысы Арал қаласында туған. 2007 жылдан Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжінде қызмет етеді, директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндеі орынбасары. 2013 жылдан бастап, «Talap» КЕАҚ-ның штаттан тыс тренері. 2017 жылы Ұлыбритания мемлекетінде Глазго қаласының, Глазго университетінде тағылымдамадан өткен.

2008 жылы Е.Бөкетов атындағы «Қарағанды мемлекеттік университетінің көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы бойыншы тәмамдаған. Экономика ғылымдарының магистрі атағын иеленген. 2017 жылы, «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша білім алған.Еңбек жолын 2007 жылы Ақтөбе политехникалық колледжінде «Электрмен қамтамасыз ету» бөлімінің арнайы пәндер оқытушысы болып бастады. 2010–2012 жылдар аралығында Ақтөбе қаржы-экономикалық колледжінің «Техника және бағдарламалау» бөлімінің меңгерушісі болып жасаған. 2012–2019жж.Ақтөбе политехникалық колледжінің «Автоматтандыру және басқару» ЦӘБ-нің төрағасы, арнайы пәндер оқытушысы,2019–2021 жылдары «Автоматтандыру және басқару» бөлімінің меңгерушісі етіп, қызмет атқарды.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі










- Облыстық «Үздік арнайы пән оқытушысы» атты облыстық байқаудың жеңімпазы, 2011 жыл;
- «Үздік куратор» облыстық байқауының жеңімпазы, 2013 жыл;
- ҚР-ның білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Алғыс хаты, 2015 жыл;
- «ҚР техникалық және кәсіптік білім беру саласына қосқан ерен еңбегі үшін» О.Джандосов атындағы медель иегері, 2016 жыл;
- «Үздік педагог-2017» республикалық байқауының жеңімпазы;
- «Өнегелі ұстаз» V Республикалық педагогтер сайысының І орын иегері, 2017 жыл;
- «Автоматизация технологических процессов отрасли» оқу құралының авторы (Lambert Academic Publishing) баспасы — Германия, 2017 жыл;
- «Talap» КЕАҚ-ның Құрмет грамотасы, 2018 жыл;
- Ы.Алтынсарин республикалық байқауының жеңімпазы, 2019 жыл;
- «Білім беру ісінің үздіктері-2021» республикалық байқауының жеңімпазы, 2021 жыл;
- «3D модельдеу-болашақ инженерия» облыстық байқауының І орын иегері, 2021 жыл;
- ҚР-ның білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, 2021 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2018» атағының иегері



# Мукашева Алмагүл Сұлтанқызы

Мукашева Алмагүл Сұлтанқызы 1975 жылы 3 желтоқсанда Ақтөбе облысында туған. 1991 жылы Хлебодаровка орта мектебін бітірген.

1995 жылы Ақтөбе құрылыс техникумын «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2000 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің техникалық факультетін бітірген.

2011 жылы Л.Гончарова атындағы Қазақ автомобиль-жол институтын «Құрылыс» мамандығы бойынша бітірген, техника ғылымдарының магистрі.

2001–2018 жылдары аралығында Ақтөбе политехникалық колледжінде өндірістік оқыту шебері ретінде еңбек жолын бастаған. Қызметтік кезеңінде өндірістік оқыту шебері, арнайы пәндер оқытушысы, циклдік әдістемелік комиссияның төрағасы және оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі әдіскер ретінде жұмыс істеді.

2018 жылдан бері Қ.Жұбанов атындағы «Құрылыс» кафедрасының меңгеруші, техникалық факультеттің «Көлік техникасы тасымалдауды ұйымдастыру және құрылыс» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарып келеді.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі









- «Қазақстан Республикасының Білім Беру Ісінің Құрметті Қызметкері» төсбелгісі, 2016 жыл;
- «Құрылыс материалдары мен бұйымдары» электронды оқу құралының авторы, 2016 жыл;
- EuroSkills Гетеборг қ. (Gothenburg) халықаралық чемпионаты, Швеция 2016 жыл;
- Worldskills Russia «Молодые профессионалы» халықаралық чемпионаты, 2017 жыл;
- Worldskills International әлемдік чемпионатында Шишкин Роман «Кірпіш қалау» құзыреттілігіне қатысып, Қазақстан ұлттық құрамына кірді. ОАЭ Абу-Даби қаласы,2017 жыл.
- «Кәсіпқор «Холдингі» КЕАҚ Білім беру бағдарламалары бойынша ТжКББ «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығының теориялық және практикалық тест тапсырмаларын әзірлеуші — сарапшы, 2017 жыл;
- Оқу-әдістемелік құралы «Құрылыс ғимараттарының конструкциялары» пәні бойынша дәрістер мен зертханалық жұмыстар жиынтығы— Өрлеу, 2018 жыл;
- Оқу-әдістемелік құралы «Құрылыс материалдары және бұйымдары» -Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы, 2018 жыл;
- «Талап» КЕАҚ штаттан тыс жаттықтырушысы, 2016–2022 жж;
- Республикалық «Үздік педагог — 2018» байқауының жеңімпазы.

# Республикалық «Үздік педагог – 2018» атағының иегері



## Саржанов Орынбасар Абдоллаұлы

Саржанов Орынбасар Абдоллаұлы 1957 жылы 6 тамызда Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында туған. 1975 жылы Ырғыз ауданы Нұра қазақ орта мектебін бітірген. 1975–1977 жылдары Шалқар қаласында байланыс торабының жұмысшысы, 1977–1979 жылдары Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеді.

1979 жылы Ақтөбе педагогикалық институтының физика-математика факультетіне түсіп, оны 1983 жылы математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Ұстаздық еңбек жолын 1983 жылы Қарабұтақ ауданы Талдық орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып бастады. 1986–1993 жылдары осы мектептің директоры болып жұмыс жасады. 1993–1997 жылдар арасында Алға ауданы Қарақобда орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры болып қызмет атқарды. 1997 жылдан облыстық физика-математика мектеп-интернатында математика пәнінің мұғалімі, директордың бағдарлы пәндер жөніндегі орынбасары болды. 2011 жылдан бастап осы мектеп-интернатта математика пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

# ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ









- ҚР білім беру ісінің үздігі, 1999 жыл;
- Республикалық «Дарын» ғылыми-тәжірибелік орталығының 10 жылдығына арналған төсбелгі, 2008 жыл;
- Педагогикалық жетістіктердің конкурс-марафоны «Облыстың үздік мұғалімі», 2009 жыл;
- «Ы.Алтынсарин» төс белгісі, 2011 жыл;
- ҚР БжҒ министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының Алғыс хаттары 2008, 2010, 2011, 2013 жылдар;
- Ақтөбе облысы Әкімінің Алғыс хат, 2015 жыл;
- «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, 2016 жыл;
- Қазақстан Республикасы Ақтөбе облыстық білім беру және ғылым қызметкерлері кәсіподағы комитетінің Құрмет грамоталары 2007, 2012, 2017 жылдар;
- Республикалық «Үздік педагог — 2018» байқауының жеңімпазы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты, 2020 жыл;
- Республикалық «Дарын» ғылыми-тәжірибелік орталығының Алғыс хаты, 2021 жыл;
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының Алғыс хаттары 2014–2018, 2021 жылдар;
- «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББО-ның Дипломдары, 2018-2021 жылдар.

## Республикалық «Үздік педагог – 2018» атағының иегері



# Каражанова Гульсум Буржановна

Каражанова Гульсум Буржановна 1970 жылы 23 сәуірде дүниеге келген.

1977–1987 жж. аралығында Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданының Жайсаң орта мектебінде білім алды.

1987 жылдан бастап алғашқы еңбек жолын есту қабілеті бұзылған балаларға арналған Жайсаң мектеп— интернатында бастады.

1993 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының «Тарих пәні мұғалімі» мамандығын алды.

2008 жылы Ақтөбе Мемлекеттік педагогика институтының «Дефектология» мамандығын бітірді.

1989–2019 жылдар аралығында «Ақтөбе облыстық есту қабілеті бұзылған балалар мектеп-интернатында» тәрбиеші, бастауыш класс мұғалімі, дефектолог маманы бойынша қызмет атқарды.

2019 жылдан бастап Ақтөбе қалалық психологиялық-медициналық — педагогикалық консультациясының меңгерушісі, педагог-зерттеуші. Педагогикалық еңбек өтілі - 35 жыл.







- «Үздік дефектолог-2014 « облыстық байқауының жеңімпазы, 2014 жыл;
- «Түзету мекемесінің үздік педагогы» байқауының жеңімпазы, 2017 жыл;
- «Мұғалім-жаңашыл 2017» BilimLand байқауының жеңімпазы, 2017 жыл;
- «Үздік дефектолог-2018 « облыстық байқауының жеңімпазы, 2018 жыл;
- «Үздік педагог-2018» республикалық байқауының жеңімпазы, 2018 жыл;
- Кохлеарлы имплантациядан кейінгі балаларға арналған әдістемелік құралдың құрастырушысы, 2018 жыл;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты, 2018 жыл;
- «Арнайы білім беру ұйымдарындағы мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу бойынша ең үздік әдістемелік нұсқаулық» сайысынан II дәрежелі диплом және сертификат, 2018 жыл;
- Мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған балаларға арналған «Сиқырлы дыбыстар» әдістемелік нұсқауды құрастырушы, 2019 жыл;
- Ақтөбе облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы, 2020 жыл;
- Қазақстан салалық білім және ғылым кәсіподағының Құрмет грамотасы, 2020 жыл;
- Оқу –әдістемелік кешендер, әдістемелік құралдарға сараптама жасау және сынақтан өткізу нәтижелерін қарастыру жөніндегі республикалық комиссиясының мүшесі, 2020 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2018» атағының иегері



# Қыдырбаева Ботагөз Жеңісқызы

Қыдырбаева Ботагөз Жеңісқызы 19 қаңтар 1975 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданында дүниеге келген. 1996 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің физика және информатика пәндерінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

1996 жылы еңбек жолын Ақтөбе қаласы, Ақтөбе индустралды-педагогикалық техникумында информатика пәні оқытушысы болып бастаған.

1998–2004 жж. № 24 Лингвистикалық мектеп-гимназиясы;

2004–2009 жж. Ақтөбе мұнай және газ колледжі;

2009–2011 жж. Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, №2 Хромтау мектеп-гимназия;

2011 жылдан бастап Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, № 6 Хромтау гимназиясында информатика пәнінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Жалпы педагогикалық өтілі — 26 жыл, педагог-зерттеуші.

# ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ








- Республикалық «Үздік педагог — 2018» байқауының жеңімпазы;
- Информатика пәні бойынша оқушылар арасынан «Bebras» халықаралық интеллектуалдық конкурсына жеңімпаздар дайындаған үшін Алғыс хат, «Дарын» РҒПО, 2018 жыл;
- «Еуропа континентіндегі ынтымақтастықтың өзекті зерттеулері мен келешегі» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, I дәрежелі диплом, Прага, Чехия, 2019 жыл;
- «International scientific review of the problems and prospects of modern science and education» LIV халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Бостон, АҚШ, 2019 жыл;
- Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдер университетінен Алғыс хат, 2019 жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінен Алғыс хат, 2020 жыл;
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы педагогикалық олимпиада I дәрежелі диплом, 2020 жыл;
- «Өрлеу» БАҰО «3D модельдеу-болашақ инженерия» облыстық жобалар байқауы II дәрежелі диплом, 2021 жыл;
- «Bebras» халықаралық информатика пәнінен конкурсында шәкірті Абсадық Жанарыс I дәрежелі диплом, «Дарын» РҒТО, 2018 жыл;
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсында шәкірті Мамбеталин Райымбек III дәрежелі диплом, «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББО, 2019 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2018» атағының иегері



# Мынжасарова Гульназ Изтлеуовна

Мынжасарова Гульназ Изтлеуовна 1979 жылы 5 майда Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық кентінде дүниеге келген. 1995 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық кентіндегі №1 орта мектепті бітірді.

2001 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің биология мамандығы бойынша бітіргеннен кейін, еңбек жолын Ақтөбе облысы Темір ауданы Шұбарқұдық кентінде №3 орта мектепте бастаған. 2009–2010 жылдан бастап М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатының биология пәнінің мұғалімі.

Біліктілік санаты - педагог-зерттеуші, еңбек өтілі — 24 жыл. Ұстаздық еңбек жолында педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында кәсіби білімін үнемі жетілдіріп, оқушылардың қабілетін шыңдау жолында іздене еңбектенуде. Республикалық ұлттық тестілеу орталығының тұрақты әзірлемешісі және сарапшысы.

## ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ











- Республикалық «Үздік педагог-2018» атағының иегері, 2018 жыл;
- Ы.Алтынсарин төсбелгісі, 2018 жыл;
- «Халық алғысы» медалі, Қ.Р.Президенті Қ.К.Тоқаев, 2021 жыл;
- ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Алғыс хаты, 2020 жыл;
- Ақтөбе облыстық білім басқармасының Алғыс хаты, 2020 жыл;
- Республикалық теле — сабақтар жобасы аясында көрсеткен шығармашылық ұстанымы, білім беруге қосқан жеке үлесі үшін Алғыс хат, 2021 жыл;
- ҚР БжҒ министрлігінің Құрмет грамотасы, 2016 жыл;
- Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауы, Өз ісінің шебері номинациясы, 2016 жыл;
- Республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» ІІІ дәрежелі диплом, 2017 жыл;
- «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық жұмыстардың тиімділігі» авторлық бағдарлама, электронды орта, оқушыға қосымша көмек, 2016 жыл;
- «Биология пәнінен олимпиадаға дайындық тапсырмалары» электронды оқулық, 2015 жыл;
- «Естественные науки» «Культивированные молочнокислых бактерий на растительных субстрактах» әдістемелік құрал, 2014 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2019» атағының иегері



# Базарғалиева Баян Теміржанқызы

Ақтөбе облысының Темір ауданы Құмқұдық ауылында 1972 жылы 24 қазанда туған.1979 — 1989 жылдары Темір ауданында Абай атындағы орта мектепте білім алған. 1989–1993 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдаған. 1993 жылы Темір ауданы Абай атындағы орта мектепте еңбек жолын бастады. 2001 жылдан бастап Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатында қазақ тілі, әдебиеті пәндерінің мұғалімі, директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары қызметін атқарып келеді. Башқұрт мемлекеттік университетінде магистратурада оқыған, филология магистрі, педагог-шебер, І санатты басшы орынбасары. «Қазақ тілі» (Шың-кітап) оқу құралының, бірнеше әдістемелік құралдың авторы, «Жас қанат» облыстық макрожобасында жас мамандар тәлімгері, «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» курсының тренері, Ұлттық тестілеу орталығының тест тапсырмаларын әзірлеуші жұмыс тобының, сараптау тобының мүшесі. Оқу бағдарламаларын жетілдіру мақсатында құрылған республикалық жұмыс тобының мүшесі. «Оқулық» РҒПО-ның сараптау комиссиясының мүшесі.









- Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің Алғыс хаты, 2014 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы, 2019 жыл;
- ҚР БжҒ министрлігі, Қоғамдық маңызды бастамаларды дамыту қоры — «Қазақстан мұғалімі» сыйлығының финалисі, «Әлем мұғалімі» жаһандық сыйлығының номинанты, 2019 жыл, «Әлем студенті» Халықаралық жобасында жастар тәлімгері, 2021 жыл;
- ҚР БжҒ министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері, 2018 жыл;
- Ақтөбе облысының «Жыл адамы — 2019» атағының иегері;
- Ақтөбе облысы әкімінің «Облыстың үздік мұғалімі» конкурс-марафонының жеңімпазы, «Облыстың үздік қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» атағының иегері;
- «Дарын» РҒПО «Үздік авторлық бағдарлама», «Инновациялық идеялар панорамасы» конкурстарының жүлдегері, «Білім — болашақ ел жетістігінің факторы» тақырыбындағы мамандандырылған білім беру ұйымдары қызметкерлерінің республикалық тамыз педагогикалық кеңесінде үздік баяндама ұсынғаны үшін Алғыс хат;
- Шәкірттері республикалық пәндік олимпиадалардың, ғылыми жарыстың, «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының, «Абайтану» олимпиадасының, Қазақстан білім олимпиадасының, М.Жұмабаев оқуларының, «Мың бала» республикалық байқауының жеңімпаздары.

## Республикалық «Үздік педагог – 2019» атағының иегері



# Куспанова Сауле Умбеткалиевна

Куспанова Сауле Умбеткалиевна 1965 жылы 12 мамыр күні Орал облысы Теректі ауданында дүниеге келген. 1986 жылы «СССР-дің 50-жылдығы» атындағы Қостанай педагогикалық институтының «Жалпытехникалық пәндер және еңбек» мамандығы бойынша оқып бітірген. 2015 жылы Батыс-Қазақстан инженерлік гуманитарлық университетінің ақпараттық жүйелер техника ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алған.2004 жылы ақпан айыннан бастап Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжінде инженерлік графика, сызу оқытушысы болып еңбектеніп келеді. «ҚР Білім және ғылым министрінің білім беру ісінің үздігі»төсбелгісімен марапатталған.Педагогикалық тәжірибесін жинақтау, тарату және педагогикалық шеберлігін дамытуда Беларусь Республикасының, Минск қаласында және Ресей Республикасының, Ижевск қаласында біліктілігін көтерген. Актөбе көлік, коммуникация және жаңа технология колледжінің арнайы пән оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі.

Халықаралық ақпараттандыру академиясының мүшесі. Педагог-шебер.

# ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ









- Ақтөбе облысының білім басқармасының Құрмет грамотасы, 2010 жыл;
- «Техникалық және кәсіптік оқу орнының үздік оқытушысы» облыс әкімінің гранты, 2011 жыл;
- «Қазақстан Республикасы Теміржолшыларының кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің Батыс филиалы және «Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі» Алғыс хаты, 2012 жыл;
- Республикалық 6-ы студенттік олимпиадада студенттері үш өлшемді модельдеу Компас -3D жобалау — конструкторлық жұмыстарын жоғары дәрежеде көрсеткен үшін Мақтау грамотасы, 2012 жыл;
- Ақтөбе облысы әкімінің Алғыс хаты, 2014 жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, 2013 жыл;
- ҚР «Білім беру үздігі» төсбелгісі, 2014 жыл;
- «Үздік педагог 2016» республикалық байқауының облыстық кезеңінің жеңімпазы, облыс әкімінің гранты, 2016 жыл;
- Республикалық «Ұлттық құндылықтар мен инновациялық идеялар» атты ғылыми жобалар байқауы І дәрежелі Диплом, 2017 жыл;
- ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, 2018 жыл;
- Аймақтық чемпионат «WorldSkills Kazakstan Aktobe -2019.2021.2022» «Инженерная графика CAD» құзіреттілігі ІІІ Дәрежелі Диплом, 2019-2022ж.

## Республикалық «Үздік педагог – 2019» атағының иегері



# Михайлова Татьяна Васильевна

1975 жылы 11 желтоқсанда Ақтөбе қаласында туған.

Бастауыш сынып мұғалімі. Еңбек өтілі 26 жыл. Педагог-шебер.

1996 жылы «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық университетін бітірген. Еңбек жолын 1996 жылы Ақтөбе қаласындағы №15 орта мектепте бастады. 2002 жылдан бүгінгі күнге дейін №9 орта мектеп-гимназияда бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Сегіз жыл (2008 жылдан 2016 жылға дейін) директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

Омск мемлекеттік педагогикалық университетінің «Педагогикалық білім» бағыты бойынша магистрі. «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» баспасының 2 және 3-сыныптарға арналған пилоттық мектептерге арналған «Литературное чтение» оқу-әдістемелік кешенінің авторы, «Online-mektep» «BilimLand» білім беру платформасында 4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» сабақтарын әзірлеуші, бастауыш сыныпқа арналған оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі республикалық топтың мүшесі.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі








- «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегері, 2013 жыл;
- «Үздік ұстаз» Республикалық байқауының жеңімпазы, 2019 жыл;
- «Үздік мұғалім — 2009», «Үздік мұғалім — 2011» облыстық сайыстарының жеңімпазы, 2009, 2011 жж.;
- Облыстың бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау шеберлік сыныбының жетекшісі;
- «Читательский портфель» технологиясын оқыту және енгізу» облыстық эксперименттің жетекшісі;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің облыстық Ассоциациясының жетекшісі;
- «Жаңартылған мазмұн бойынша үздік сабақ жоспары» облыстық байқауы, 1-орын, 2019–2020 жж.;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің облыстық пәндік олимпиадасы, 1-орын, 2020–2021 жж.;
- «Үздік сынып» облыстық байқауы 1-орын, 2020–2021 жж.;
- Шәкірті Воронин Илья «Бастау» математикалық турнирінің облыстық кезеңі Бас жүлде, «Бастау» математикалық турнирінің республикалық кезеңі 3-орын, 2021 жыл;
- Шәкірті Бектемирова Лейла XVII Республикалық ғылыми жобалар байқауы облыстық кезеңінде Бас жүлде, XVII Республикалық ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстар конкурсының республикалық кезеңінің 2-орын иегері, 2022 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2019» атағының иегері



# Албаева Тамара Габитовна

Албаева Тамара Габитовна Ақтөбе қаласы №23 орта мектеп-лицейінің жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші.

1967 жылы 1 қарашада Ақтөбе облысында дүниеге келген. 1984 жылы мектепті үздік бітіріп, Ақтөбе қаласындағы педагогикалық институттың филология факультетін тәмамдап, бала күнінен армандаған қиыны мен қызығы қатар жүретін ұстаздық қызметте келе жатқанына да көптеген жылдар болыпты. №23 орта мектеп-лицейінде 30 жылдан астам уақыт тұрақты еңбек етіп келеді. Оқушылары олимпиада бойынша қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық кезеңдердің жүлделерін иемденіп жүр. 2019 жылы халықаралық ізгілік фестиваліне спикер ретінде қатысып, аңыз адам Ш.Амонашвилимен кездесіп, оның тобында жұмыс жасап, марапатталған.

Оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге сараптама жасау,сынақтан өткізу нәтижелерін қарастыру жөніндегі пәндік комиссияның мүшесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің облыстық ассоциациясының жетекшісі, тәлімгер, тренер, экспериментші-мұғалім. Қазақстан Мұғалімі-2021» республикалық конкурсының Тәуелсіз Академиясының комиссия мүшесі.









- «Облыстың үздік мұғалімі-2011» облыс әкімінің гранты, Диплом, 2011 жыл;
- Облыстық педагогикалық олимпиада I дәрежелі Диплом, 2020 жыл;
- «ЭКСПО — 2017» Мәңгілік Ел құндылықтары» республикалық ғылыми жобалар байқауы бойынша «Үздік ғылыми жоба» I дәрежелі Диплом, 2017 жыл;
- Халықаралық «Лучший учитель года» — 2018», жеңімпазы 2018 жыл;.
- «Үздік Педагог — 2019» республикалық конкурсының жеңімпазы, 2019 жыл;
- «Қазақстан мұғалімі — 2019» Ұлттық сыйлығының финалисі, 2019 жыл;
- «Әлем Ұстазы-2019» Жаһандық сыйлығының номинанты, 2019 жыл;
- Республикалық «Лидер-Педагог РК — 2020» 1-орын, 2020 жыл;
- ҚР БжҒ министрлігінің ұйымдастыруымен болған «Қазақ тілі мен әдебиеті: оқыту мәселелері және жаңа көзқарас» атты мұғалімдердің республикалық Съезіне делегат, 2021 жыл;
- Ақтөбе облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы, 2018 жыл;.
- ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет грамотасы, 2018 жыл;
- ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің Алғыс хаты, 2019 жыл;
- Алғыс хат/ National Teacher Prize Kazakhstan, 2021 жыл.

## Республикалық «Үздік педагог – 2020» атағының иегері



# Қалбек Санзира Өмірзаққызы

Қалбек Санзира Өмірзаққызы 1968 жылы 9 желтоқсанда Ақтөбе облысында туған. 1986 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар қаласындағы І.Үргенішбаев атындағы №40 орта мектепті бітірген.

«Құрмет белгісі» орденді А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық интситутының жаратылыстану география факультетін тәмамдаған. Шалқар қаласындағы №3 қазақ орта мектебіне география пәнінің мұғалімі болып қабылданады.2006–2012 жылдары Ақтөбе қаласындағы Ақтөбе политехникалық колледжінде география пәнінен сабақ береді. 2012 жылдан Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатында география пәні мұғалімі болып жұмыс атқарып келеді.

Ұстаздың мақалалары мен баяндамалары облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі журналдарда жарық көрген. Бірнеше рет облыс, республика көлемінде өз іс-тәжірибесін бөлісу мақсатында шебер-кластар мен семинарлар өткізіп, Құрмет грамотасымен, алғыс хаттармен марапатталды.География пәні бойынша оқушылары - пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі жеңімпаздары.

# ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ







- «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» әдістемелік кітабы, 2010 жыл;
- «KATEV» Халықаралық Қоғамдық Қорының ұйымдастырған «Ең үздік мұғалім», «Ең шығармашыл мұғалім», «Ең үздік мұғалім» конкурстарының жеңімпазы, 2013 жыл;
- «Мектеп оқушыларының креативтілік қабілеттерін дамыту» әдістемелік оқу құралы, 2015 жыл;
- «Үздік авторлық бағдарлама-2017» Республикалық конкурсының жеңімпазы, 2017 жыл;
- Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Үздік географ-2017» сайысының жеңімпазы, 2017 жыл;
- Республикалық «Үздік педагог-2020» конкурсының жеңімпазы, 2020 жыл;
- «QUZLET»-қарапайым құралдар арқылы кез-келген нәрсені үйрететін сервис», әдістемелік оқу құралы, 2020 жыл;
- «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, 2021 жыл;
- Президент Қ.К.Тоқаевтың «Халық Алғысы» медалінің иегері, 2021 жыл;
- ҚР БжҒ Министрлігінің Құрмет грамотасы, 2022 жыл;
- «Дарын» РҒПО Алғыс хат, 2022 жыл;
- Ақтөбе облысының Білім басқармасы, «Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББО, Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының Құрмет грамоталары, 2022 жыл.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ҮЗДІК ПЕДАГОГ – 2020» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# Адилова Жайнагүл Мұстафақызы

Адилова Жайнагүл Мұстафақызы 1973 жылы 13 қаңтарда Ақтөбе облысы Қобда ауданы Әлия ауылында дүниеге келген. Қобда ауданындағы Әлия Молдағұлова атындағы орта мектебін 1990 жылы бітірген. 1994 жылы Ақтөбе педагогикалық училищесінде «Бастауыш класта оқыту» мамандығын, 2003 жылы М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2019 жылы Баишев университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі берілген.

Бүгінде Ақтөбе гуманитарлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі.

Студенттері халықаралық, республикалық, облыстық пәндік олимпиада, ғылыми жоба, ғылыми-практикалық конференциялар мен байқаулардың жүлдегерлері.

# ТЫНБАС ЕҢБЕК – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖЕМІСІ











- Республикалық «Үздік педагог-2020» байқауының жеңімпазы;
- «Техникалық және кәсіптік оқу орнының үздік оқытушысы» облыстық байқауының жеңімпазы және облыс әкімі грантының иегері;
- Облыстық «Үздік педагог — 2015, 2017, 2018, 2019 жж.» байқауларының жеңімпазы;
- Ақтөбе облысы әкімінің Алғыс хаты, 2018, 2019 жыл;
- Ақтөбе облысы білім басқармасының Құрмет грамотасы, 2019 жыл;
- Республикалық Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына арналған оқу құралдарының және білім беру паспорттарының сарапшысы;
- Облыстық тілдер басқармасы басшысының Алғыс хаты, 2019 жыл;
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы қоғамдық бірлестігі Құрмет грамотасы, 2020 жыл;
- «Жыл адамы-2020» Ақтөбе гуманитарлық колледжі;
- «Үздік 100 автор» Республикалық жобасының «Үздік мақала» номинациясы бойынша I орын иегері;
- Халықаралық, Республикалық, облыстық кәсіби байқаулардың, педагогикалық оқулардың, пәндік олимпиадалардың жеңімпазы.

## Республикалық «Үздік педагог – 2020»
## атағының иегері



# Джулаева Балия Бабыковна

Джулаева Балия Бабыковна 1975 жылы 17 шілдеде дүниеге келген.

1992 жылы Газли қаласындағы Абай атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірген.

1993 жылы Павлодар қаласындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде түсіп, оны 1997 қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Ұстаздық еңбек жолын Ақтөбе қаласы № 33 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып бастады.

2004 жылдан бастап М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Еңбек өтілі - 25 жыл. Біліктілік санаты: Педагог -шебер.

Шәкірттері - жалпы білім беретін пәндер бойыншаоблыстық олимпиаданың жеңімпаздары.

## Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі









- Республикалық «Үздік педагог — 2020» конкурсы жеңімпазы;
- Халықаралық педагогикалық конкурс, Франция, I орын, 2016 жыл;
- Халықаралық «Лидер педагог-2017» сайысы, I орын . 2017 жыл;
- Республикалық «Мейірімді ұстаз» онлайн байқауы, «Мейірімді ұстаз» төсбелгісінің иегері, 2019 жыл;
- «Олимпиада шыңы» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиадаға қатысушыларға арналған әдістемелік оқу-құралдың авторы, 2016 жыл;
- Республикалық КИО олимпиадасы, II орын.2017 жыл;
- Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсы. II орын, 2017 жыл;
- Республикалық «Жаңашыл мұғалім-2020» байқауында Диплом;
- «Қазақстан мұғалімі - 2020» Ұлттық сыйлығының 50 үздік жеңімпазы, 2020 жыл;
- «Қазақ тілі мен әдебиеті:оқыту мәселелері және жаңа көзқарас» тақырыбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдеріне арналған республикалық сьезд делегаты, 2021 жыл;
- Республикалық Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен олимпиада, шәкірті Меңдібаева Г. I орын, 2016 жыл;
- Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиада шәкірті Меңдібаева Г, I орын, Ақтау қаласы. 2017 жыл.

## «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҮЗДІК ПЕДАГОГІ – 2020» ТӨСБЕЛГІ ИЕГЕРІ



# Абдуллин Нурбек Кадиралиевич

Ақтөбе облысы, Н.Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылында 1987 жылы дүниеге келген. Жарқамыс орта мектебінің табалдырығын аттаған Нурбек Кадиралиевич 9-сыныптан бастап қазіргі өзі қызмет етіп жүрген М.Құсайынов атындағы Ақтөбе облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп — интернатына қабылданады.

2004 — жылы Ақтөбе Мемлекеттік Педагогикалық Институтына оқуға түсіп, 2008 — жылы «Математика пәні мұғалімі» мамандығын алып шығады.

Өзінің еңбек жолын 2008 — жылы Ақтөбе қаласының №13 қазақ — орыс орта мектебінен бастап, 2009–2011 жж. №24 Лингвистикалық мектеп-гимназиясында жалғастырады. 2011 жылдан бері М.Құсайынов атындағы Ақтөбе Облыстық Дарынды Балаларға Арналған Мамандандырылған мектеп — интернатының математика пәнінің мұғалімі қызметін атқарып келеді. Ұлттық тестілеу орталығы тесттер дайындаушысы, сарапшысы. Шәкірттері республикалық, халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі








- Ақтөбе облысының ғылыми тәжірибелік орталығы Алғыс хат, 2021 жыл;
- «Ақтөбе облысының үздік педагогі»төсбелгісінің иегері,2020 жыл;
- ҚРБжҒ Министрінің Құрмет грамотасы,2019 жыл;
- Академик Асқар Жұмаділдаев атындағы халықаралық олимпиадасының мадақтама иегері, 2019 жыл;
- Қызылорда қаласының әкімінің А.Жұмаділдаев олимпиадасына қатысқаны үшін Алғыс хаты, 2019 жыл;
- Математикалық регата турнирі 1-орын Ақтау, 2017жыл;
- Ақтөбе облысы құрамасы халықаралық математикалық олимпиада жеңімпазы, 2016 жыл;
- Математикалық регата турнирі. Орал қаласы, облыстық білім басқармасының басшысының марапаты, 2016 жыл;
- Атырау облыстық білім басқармасы басқарма басшысынан Алғыс хат, 2016 жыл;
- ҚР БжҒ министрлігі РМҚК «Ұлттық тестілеу орталығының» тест әзірлеушісі сертификат, 2016 жыл;
- Математикалық олимпиада турнирі II орын иегері, облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2016 жыл;
- Қазақстан Республикасы Елбасының Алғыс хаты, 2015 жыл;
- «Педагоги трансляторы идей НИШ—учительская элита области» (энциклопедия) 2015 жыл.

## «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗЫ – 2020» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# Нұрғалиев Ералы Ғұбайұлы

1963 жылы 25 тамызда дүниеге келген. Білімі жоғары, «Тарих, қоғамтану және кеңес құқығы оқытушысы» мамандығы бойынша 1990 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын бітірді. 2003 жылы Астана қаласындағы Қазақ гуманитарлық заң университетінде «Заңгер» мамандығын алған.1984 жылы В.П.Чкалов атындағы Орынбор мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, 1990 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын бітірді.1990–1995 ж. Ақтөбе облысы Жастар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы. Ақтөбе облыстық жастар, спорт және туризм істері жөніндегі басқарма басшысының орынбасары.1995–2005 ж. Ақтөбе педагогикалық институтының әлеуметтік экономикалық мәселелері бойынша ректор көмекшісі, Жастар комитетінің төрағасы, жалпы тарих кафедрасының оқытушы. Ақтөбе қаласы, № 35, № 4 орта мектеп директоры, Батыс Қазақстан КазГЮУ заң институты әлеуметтік-экономикалық жұмыс жөніндегі проректоры.2006–2012 ж. Ақтөбе қаласы «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы, қазіргі таңда Ақтөбе көлік коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің директоры.










- «10 жыл Астана» мерекелік медалі, 2008 жыл;
- «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі, 2011 жыл;
- «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, 2014 жыл;
- «Білім қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» медалі 2017 жыл;
- «Ақтөбе қаласына 150 жыл» медалі 2019 жыл;
- Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы аясында жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарына белсенді қатысқаны үшін Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаты;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі;
- Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау науқанына белсенді қатысқаны үшін «NUR Otan» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы О.Оразалиннің — Алғыс хаты;
- «Ақтөбе облысының құрметті ұстазы» атағының иегері,2020 жыл;
- Қазақстан РеспубликасыТәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай Ақтөбе облысының әкімінің орынбасары Б.Елеусінованың Алғыс хаты, 2021 жыл;
- «Талап» КЕАҚ вице-президентінің Алғыс хаты,2022 жыл.

## «АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗЫ – 2020» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ



# *Құлымов Қайсар Жазықбайұлы*

1973 жылы 15 қарашада Ақтөбе облысының Байғанин ауданы Жарықамыс ауылында туған.1980 жылы Қарауылкелді ауылындағы ВЛКСМ-нің XXX жылдығы атындағы орта мектепке 1-сыныпқа оқуға қабылданып, 1990 жылы 11-сыныпты аяқтайды. 1991–1993 жылдары Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің қатарында әскери борышын өтеді. 1993–1998 жылдары Ақтөбе қаласындағы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің филология факультетінің сырттай бөліміне оқуға түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.Ұстаздық қызметін 1993 жылы Ақтөбе облысының Темір ауданындағы 1 Мамыр негізгі мектебінен бастаған. 1993–2002жж. осы мектепте, 2002–2005жж.Темір ауданының орталығы Шұбарқұдық ауылындағы Шұбарқұдық гимназиясында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді. 2005–2009 жж. гимназия директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, 2009–2016жж.оқу ісі жөніндегі орынбасары, Шұбарқұдық гимназиясының директоры қызметін атқарады. 2019 жылдан бастап Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық лицей-интернатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

# Тынбас еңбек – шығармашылық жемісі







- ҚР БжҒ министрлігінің Алғыс хаттары, 2008, 2010 жылдар;
- «ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісі, 2016 жыл;
- Ақтөбе облыстық кәсіподақтар орталығының Алғыс хаты, 2018 жыл;
- Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасы, 2018 жыл;
